

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Уәкілетті операторға өтінім берер алдында жеке зейнетақы шотын тексеру туралы

Жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары зейнетақы жарналарынан және инвестициялық кірістен құралады. Ол инвестициялық портфельдегі қаржы құралдарының құнына және қаржы нарықтарындағы жағдайға байланысты күн сайын өзгеріп отырады. Осыған байланысты зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігінің белгіленген шегінен асатын, алуға қолжетімді сома өзгеруі мүмкін.

Қолжетімді сома туралы ақпаратты enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның ұялы қосымшасында біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) алуға өтініш берер алдында тексеруге кеңес береміз. Сонымен қатар өтінімде уәкілетті операторлардың («Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және екінші деңгейдегі банктер) ұсынымдарына сәйкес, БЗТ сомасын бөліп-жармай, дөңгелектеп, қосымша белгілер қоймай, бос орын және т. б. қалдырмай көрсету керек.

БЖЗҚ-ның барлық техникалық және ақпараттық ресурстары штаттық режимде жұмыс істеуде.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекеешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).